

Меңгеруші жанындағы кеңес

№1-Хаттама

05.09.2022ж

Қатысқандар саны:25

Күн тәртібінде :

1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығына байланысты шолу бақылау жүргізу

туралы. Меңгеруші –Калыбаева Нуржамал

2.Жалпы ата-аналар жиналысын өткізу туралы.Меңгеруші К а л ы б а е в а
Н у р д ж м а л

3.»Армысың,Алтын күз» ертеңгілігіне сценарийлерді бекіту туралы.Меңгеруші Калыбаева Нуржамал

4. НОБД және балабақша снэйшн мен балаларды балабақшаға қабылдау туралы.Калыбаева Нуржамал

Әдіскер А б у о в а Д и н а р

1.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі сөз сөйледі. Ол өз сөзінде2022-2023-ші жаңа оқу жылымен барлық қызметкерлерді құттықтады.Жұмыстарына сәттілік тілей отырып,табандылықпен, ерекше жігерлене еңбек етуге шақырды.

- «Бақылау және Басшылық». Шолу тексеру қорытындысы туралы балабқша меңгерушісі сөз сөйледі. -2022-жылдың 02-қыркүйек күні шолу бақылау жүргіздім. Тақырыбы: «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы қандай деңгейде?»

-

- Бақылаудың мақсаты: Әрбір тәрбиеші топтарды стандартқа сай құрып,әсерлі етіп безендірулері қажет. Оқу материалдары мен көрнекіліктері балалардың жас ерекшеліктеріне сай келуі,және заттық –дамыту орталығының 5 дағды бойынша жабдықталуы тиіс.

- Бақылау нәтижесіне тоқталар болсам:

- 1) Заттық-дамыту орталықтары толық жабдықталмаған. Атап айтқанда,қарапайым математикалық білім бөлімінің құралдары,сенсорикалық оқу –материалдары ,сондай ақ үлестірмелі

- 2) «Табиғат бұрышы» мен «Ұлттық бұрыш» толықтырылмаған. -
- 3) «Денсаулық» дағдыларында құрсаулар мен кегли, секіртпелер, құм салынған қапшықтар әр балаға жетпейді. -
- 4) «Қатынас» дағдылары бойынша да кемшіліктер бар. Үстел үсті театры, магниттік театр, қуыршақ театры көлеңке театр жоқ, ертегілер туралы кітапшалар мүлдем аз. Қалдық заттардан жасалған заттар бар, бірақ олардың түрлері аз.

- **Ұсыныс:**

- 1) Тәрбиешілерге жоғарыда аталған заттардың бәрін жасап, жабдықтау жұмыстарына кіріссін. Мерзімі: 17.09.2022ж.
- 2) Безендіру жұмыстарына ата-аналар да қатыстырылсын. Мерзімі: 17.09.2022ж. - 3) Еңбек құралдары толықтырылсын. Мерзімі: 17.09.2022ж.
- 4) Патриоттық-әскери бұрыш және сауықтыруға арналған материалдар толықтырылсын.. Мерзімі: 17.09.2022ж.
- 5) Түрлі мамандықтарға арналған құрал-жабдықтар толықтырылсын. Мерзімі: 17.09.20

Сөйлегендер:

Аликулова Гулбану тәрбиші ескертуіңіз орынды ,келесі дүйсенбі күні пәндік-дамыту орталықтарын толықтырып,жоспарды түзіп,дайындалып келеміз -,деді.

2. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі сөз сөйледі:-Құрметті әріптестер ,өздеріңіз білесіздер,балабақшаға балардың көптеп келуі тікелей ата-аналарға байланысты.Сол себепті олармен қарым-қатынасты нығайта түсуіміз керек. Осы жылдың қыркүйектің 16-күні жалпы ата-аналар жиналысын,21 күндері топтық жиналыстарды өткіземіз. – Жиналыста қандай мәселелер айтылу керек ? Бақшаға балалар 90-100 пайыз келу керек.

Ауырып жүрген баланы үйде емдеу,ата-аналарды ашық іс-әрекет шараларына қатыстыру(әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып,),пед. кеңестерге қатыстыру қажет..Әрбір ата-ана баласының білімді,білікті болып өсуіне мән беруге тиіс.Сондай-ақ,әрбір ата-ана отбасы болып, салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығын ескеруі тиіс. Тағы бір мәселе, балаларымызға қазақтың ұлтық дәстүрлері мен өзге де ұлттардың салт-дәстүрлерін,музыкалық аспаптары мен шығармаларын насихаттауымыз маңызды . Жиналыста сонымен қатар,ата-ана төлемақысы туралы да айтып өтілді..Биылдан бастап төлемақы сомасы 8000 теңге болды-,деді меңгеруші.

Сөйлегендер:

мед.бике:-Шигабутднова Шахида дұрыс айтады.Мен де өз жоспарым бойынша екпе туралы,бойлары мен салмақтары туралы ата –аналарға мәлімет беруім керек.Денсаулық паспорттары түгел емес, алдыруымыз керек. – құрметті тәрбиешілер ,ата-аналармен үнемі байланыста болып,тапсырма беріңіздер -,деді

3.Тыңдалды. Меңгеруші сөз алды. Ол өз сөзінде :-Құрметті тәрбиешілер,көмекшілер,Күз айы берекелі,мерекелі мезгіл.Балаларға күз туралы,жеміс-жидектердің дәруменге бай,ағзаға пайдалы екенін дәріптеу мақсатында қазан айының бірінші онкүндігінде ертеңгілік өткізуді ұсынамын. Ертерек сценарилеріңізді түзіп,бекітуге маған ұсыныңыздар - ,деді Тәрбиешілер бірауыздан келісті.


4. Тыңдалды.Балабақша әдіскері Абуова Динара сөз сөйледі: - Қазір балабақшағабалаларын орналастыру науқаны жүріп жатыр.Кейбір бала лар басқабалабақшаға ауысып жатыр. Орнына келіп жатыр.Сіздерден өтіні ш ,ата аналар мен жана келген балалардың құжаттарын сұратқан кезде ұялы телефондарымен қоса алдырып,жылдам жұмыс жүргізіңіздер.Өйткені әр айдың 15-не білім бөліміне балалар тізімін тапсырамыз.Егер бала саны кем

болса,айлықтарыңызға нұқсан келетінін ескертеміз-,деді әдіскер.

Шешім:

- 1.Топтарды жабдықтауға байланысты айтылған кемшіліктер бойынша жұмыс жүргізілсін.Мерзімі: 1 апта.
- 2.Жалпы ата-аналар жиналысы 2022ж. 16-қыркүйек күні өткізілсін. Топтық ата-ана жиналысы 20.09на өткізілсін. Жауапты- әдіскер
- 3.«Алтын күз» мерекесінің сценарийлері түзіліп, бекітілсін.
5. «НОБД», «Сйтсен» бойынша балалар құжаттарын тез арада жинақтап,әдіскерге тапсырылсын.

Төрайымы



Н.Калыбаева

Хатшысы:



Д.Абуова

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №2

22.11.2022 ж.

Қатысқандар саны- 6

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңес туралы. Меңгеруші- шешімдерінің орындалуы
 2. «Алтын күз» мерекесін талқылау туралы. Меңгеруші
 3. «Балалардың танымдық дағдыларын дамытудың әдіс-тәсілдері» .
«Балдырған» ересек топтағы тақырыптық тексеру туралы. Меңгеруші
 - 5 . Тәуелсіздік күні мен Жаңа жыл ертеңгіліктерінің сценарийлерін бекіту туралы.
 6. Түрлі мәселелер туралы.
1. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі Н.Калдыбекова сөз сөйледі. Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы айтты. –Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы бақылау жәге басқару бойынша жедел тексеру жүргізілді. Тексеру қорытындысының анықтамасы бар. Жалпы және топтық ата-аналар жиналыстарын өткізуге дайындық жұмыстары жүргізілді. Ата-аналар ға арналған сауалнама, психо –тренинг сценарийлері түзілді. «Алтын күз» бақшаішілік ертеңгіліктің сценарийлері бекітілді. Түрлі мәселе бойынша балларды балабақшаға қабылдау және топтарға орналастыру бойынша НОБД және БАЛАБАҚШАСМАРТНЕЙШНпорталы арқылы балалар толық тіркелді.
2. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі сөз сөйледі .Ол өз сөзінде 2022 жылдың 20-қазан күні «Балапа» ересек жән Көгершін орта топтарында «Алтын күз »мерекесіне арналған коңцерттік бағдаралама болып өтті. Сахна тақырыпқа сай безендірілген .Балалар да мерекелік костюм киген. Барлық балалар тақпақтарын өте жақсы айтты. «Жау жаңбыр » хорын жақсы орындады. Ересек тобының қыздары «Жапырақтар » биіне өт жақсы биледі.Ал «Алан» тобының қыздары «Көңілді күн » әуеніне қолшатырлар алып шығып жақсы биледі. Ортаңғы топ ұл балалары «флешмоб»,және твист биіне өте жақсы биледі. Ү ш топтың да тәрбиешілері коңцерттік нөмірлерге өте аз дайындаған . Сондықтан орта деңге деген баға

беріледі , -деді.

3. Тыңдалды . Балабақша меңгерушісі сөз алды. -2022жылдың 28 қазанда«Байшешек» ересек тобында тақырыптық тексеру болып өтті. Тәрбиеші Ағабек Гүлмира Тақырыбы: «Балалардың танымдық дағдыларын дамытудың әдіс-тәсілдері» Тәрбиеші танымдық дағдылар бойынша Денеш технологиясы мен Кюзенер таяқшалары технологиясын жоспарлаған. Тәрбиеші балаларға тосын сый жасады.Топқа телефонмен жұмыс жасайтын маман-телефоншы келді . Телефонист –телефоншы- түрлі хабарламаларды жеткізуші және байланыстырушы. Ол балаларға телефон аппаратының құрылымы туралы ноутбук арқылы қызықты ақпарат-суреттер көрсетті.Ал, компьютермен жұмыс жасайтын адамды информатик деп айтады деді. Тәрбиеші- ал, енді балалар ,алдарыңда жатқан түрлі пішіндердің арасынан телефон,телевизор,компьютердің пішіндерін жасауға лайықты фигураларды тауып,құрастырыңдар- деді. Балалар тік

төртбұрыштар мен кубиктерден құрастырып шықты. Сондай ақ Кюзенер таяқшаларынан паравоз бен вагондарды және 1 ден 5 ке дейінгі сандарды құрастырып шықты. Іс-әрекет қызықты өтті.

Жетістігі: Тәрбиеші Байтикова гүлдана жаңа технологияларды тиімді пайдаланды. Тосын сый тақырыпқа сай болды.

Кемшілігі: Тәрбиешінің көрнекіліктері аз болды. Жан-жақты ізденіп,қызықты мағлұматтарды балаларға көбірек жеткізу керек еді , -деді меңгеруші. Алдағы уақытта ұйымдастырылған іс-әрекетке жан-жақты дайындалып,көрнекіліктерді көбейту ұсынылды. Тәрбиеші«жақсы» деген баға беріледі , -деді меңгеруші.

4. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі сөз алды. Ол өз сөзінде –Құрметті әріптестер,алдағы желтоқсан айында үлкен екі іс-шараны атап өтетін боламыз. Біріншісі- еліміздің тәуелсіздігіне 31 жыл толу мерекесін атап өтеміз. Екіншісі-«Армысың,жаңа жыл» атты жалпы балабақша ішілік ертеңгілік . Жан-жақты ізденіп,дайындалып,алдағы дүйсенбі күні сценарийді маған бекітуге алып келіңіздер,- деді меңгеруші .

5. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі сөз сөйледі . Ол өз сөзінде – Құрметті әріптестер, қазіргі таңда ауа-райы күрт салқындап, орви ,ларингит секілді аурулар асқынып тұр. Ата-аналармен тығыз байланыста болыңыздар. Дене қызуы бар баланы әкелуге болмайды. Тамағы іскен ауру-жұқпалы болатынын ескертіңіздер. Қалың киім кигізіп жіберсін.. тырнақ-шаштары өскен жағдайда қысқартып , жуындырып,шайындырып әкелетін болсын . Медбике,үнемі қадағаланыз , -деді меңгеруші.

Сөйлегендер:

медбике:-Ия, ата-аналармен үнемі тығыз байланыстамыз. Кеше бір,екі дене қызуы бар баланы қайтардық . пижамалары бар. Киімдері қалың,жылы,және ыңғайлы .

6. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі 2022 жылдың 15 желтоқсанда әр топта топтық ата-аналар жиналыстары өткізілетінін айтты . Жиналыста әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып,төлемақы ,балардың тұмау,орви, жөтел аурулары туралы және жаңа жылға дайындық және аяз атаның сыйлықтары мен концерттік нөмірлері туралы бір келісімге келіп,және басқа да мәселелер айтылу керек - ,дед» меңгеруші.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдері орындалды.
2. «Алтын күз» мерекесін өткізген тәрбиешілерге «орта» деген баға берілсін.
3. Тақырыптық тексеру қорытындысы бойынша тәрбиеші Нуралиева «жақсы» деген баға берілсін.
Жаңылкүл
- 4 « Тәуелсіздік мерекесі», «жаңа жыл» мерекелерінің сценарийлері дер кезінде бекітілсін.
5. Медбике М.Байганырова тұмаудың алдын алу жұмыстарын тыңғылықты жіргізсін, ауруларды есепке алуды уақтылы жүргізсін.
6. Топтық ата-аналар жиналысы 2022 жылдың 15 желтоқсан күні өткізілсін.
Жауапты- әдіскер.

Төрайымы

Н.Калдыбекова

Хатшысы:

Д.Абуова

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №3

24.01.2022ж

Қатысқандар саны: 8

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы. Меңгеруші
2. Тәуелсіздік күні , Жаңа жыл мерекелерінің өтілуін талқылау туралы.
3. Бақылау және басқару . Балалардың білім деңгейлерін анықтайтын аралық мониторинг туралы.Әдіскер .
4. Кіріс құжаттарды талқылау туралы.

1.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісісөз сөйледі .Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдерінің орындалуына тоқталды. «Тәуелсіздік күні » және «Жаңа жыл» ертеңгіліктерінің сценарийлері дер кезінде бекітіліп, желтоқсан айының іс-шаралар жоспарының белгіленген ,бекітілген мерзімі бойынша өткізілді. Медбике тұмаудың алдын алу жұмыстарын тыңғылықты тіркеп,ауруларды есепке алуды уақтылы жүргізді.Топтық ата-аналар жиналысы 2021-жылдың 15-желтоқан күні әдіскрі Абуова Динар бақылауымен өткізілді.

2.Тыңдалды .Балабақша меңгерушісі сөз сөйледі. Ол өз сөзінде 2021-жылдың 13-желтоқсан күні «Балапан» ересек тобында « Тәуелсіздік –тұғырым» атты ертеңгілік болып өтті. . Сахна мерекелік тақырыпқа сай әсем безендірілген. Балалардың киім киісі де мерекеге сай болды. Тәрбиеші тәуелсіздік мерекесінің маңызы мен құндылығы туралы , желтоқсан құрбандары-Аснова Ляззат,Қайрат Рысқұлбеков және тағы басқа батыр аға – апалар туралы әсерлі мағлұмат брді. 1минут үнсіздік жариялап ,мәңгі есте қалдыру рәсімін өткізді. Балалар бәрі жаттап келген тақпақтарын айтты.Сондай ақ 1-желтоқсан – тұңғыш президент күніне арнаған тақпақтарында өте жақсы айтып өтті. «Алға Қазақстан» әніне флешмоб биін биледі. Сахналық көрініс болды астанаға немерелерін сағынып ауылдан әже келеді. Немерелері ажелеріне Астананы аралатып Ақорда,Ханшатыр,Океанариум және Бәйтеректі көрсетеді.,жаттаған тақпақтарын айтып берді. Тәрбиш ертеңгіліктіі жақсы ұйымдастырған. Оған жақсы деген баға беріледі –деді меңгеруші.

Екінші болып сахнағ “Шаңырақ”ортаңғы тобы шықты . Олар да сахнаға лайықты мерекелік киім киген барлығы. Тәуелсіздіке арнап тақпақтарын өте жақсы айтып шықты. «Бұл шақта кішкентаймыз әлі біз. Кішкентай болсақ та ел қорғауға әзірміз» атты хорды өтте жақсы орындады.Сондай ақ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» аясында бұл топтың ұлдары

мен қыздары. «Тақиятастамақ» ұлттық ойынын ойнады. Бәрі ұлттық киім киген. Мереке соңында еліміздің әнұраны «Менің елім-Қазақстаным» атты әнді хормен орындады. Тәрбиешіге өте жақсы деген баға беріледі.,-деді меңгеруші.

Сондай ақ, 2021- жылдың 28- желтоқсан күні «Қош келдің, жаңа жыл» атты балабақша бойынша ертеңгілік болып өтті. Сахна жаңа жылдық мерекеге сай безендірілген. Бірінші болып тәрбиеші «Жауқызын» кіші жас тобының балаларын алып шығып, балалары «Тамаша, тамаша» әніне би билеп, тәрбиешімен ілісе ән айтуға талпынды. Тәрбиеші ата-аналармен «Мимика» ойынын өткізді. Балалар «гномдар» биіне биледі. Тәрбиеші жақсы деген баға беріледі. деді меңгеруші.

Екінші болып сахнаға «Көжектер» кіші тобы шықты. Тәрбиешілер балаларды шеңберге тұрғызып, «Аяз ата» әнін айтқызды. Балалардың тілдері жатық, музыка ырғағын түсінеді, ырғаққа еріп қимыл – әрқрет жасауға талпынады. Келесі кезекте тақпақтарын жақсы айтып шықты. Ата –аналармен сұрақ-жауап ойынын жүргізді. Ата-аналары белсене қатысты. Қыздар тобы «Ақшақарлар» биін биледі. Музыкант ата-аналарға «көңілді орындықтар» ойынын ойнатты. Тәрбиешілер және музыка пәні жетекшісіне жақсы деген баға беріледі, деді меңгеруші.

Келесі кезекте сахнаға ортаңғы топ бүлдіршіндері жаңа жыл әунімен, балмаскарад киімдері жарасқан, ұйымшыл түрде қолұстасып шықты. Жасыл шырша жанында балалар шеңберді құрып, «Аққала» әніне билеп және хор айтты. Аққала ортада мереке сәнін келтіріп тұрды. Келесі сәтте ұлдар тобы «Мексикалықтар» биін өте жақсы биледі. Мексикалықтардың киімдері мен музыка аспабымен әдемі би көрінісін жасады. Сахнаға көптен күткен қонақтар-Аяз ата мен Қарша қыз келіп балалардың өнерлерін тамашалап, қапышқағы сыйлықтарын үлестіріп отырды. Келесі сәтте Ислам атты бала өзбек ролінде және бір топ биші қыздарымыз өзбек ұлттық киімдерімен «Наманган алмасы» биін өте жақсы биледі. Сондай ақ балалар жаттап келген тақпақтарын Аяз атаға жарыса айтып беріп, Аяз ата мен Қарша қыздан сыйлықтар алып мәз –мейрам болды. Тәрбиешіге өте жақсы деген баға беріледі, деді меңгеруші.

Сөйлегендер:

Калыбаева Н. тәрбиеші Құрметті әріптестер, біріншіден, жаңа жылымыз құтты болсын. Екіншіден, жаңажылдық ертеңгілік сценарилеріміз бен мерекені өту барысына талдау жүргізіп, жақсы деген бағамен бағалап, еңбегімізді елеп, ескеріп жатырсыз. Сізге алғысымыз шексіз, сізден әлі де болса үйренеріміз көп. Жұмыла көтерген жүк жеңіл деген ғой. Бәріміз бірлесіп жұмыс істегенімізге үлкен алғысымды білідіремін.

3. Тыңдалды. Балабақша әдіскері сөз сөйлді. Ол өз сөзінде «Бақылау және басқару» бойынша аралық мониторингтің нәтижесі қалай болды? Сол бойынша айтып өтті. 2022-жылдың 17- қаңтар күні МЖБС(ҚР БҒМ) 05.05.2020 жылғы №182 БҰЙРЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ(Стандарт) және Үлгілік оқу жоспары(12.05.2020) жылғы №195 бұйрығы негізінде және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының (324.09.2020ж) №412 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгін бұйрығы негізінде «Ақмарал» мемлекеттік бөбекжай балабақшасында балалардың біліктері мен

дағдылары дамуының аралық мониторингі Бақылау нәтижелері бойынша 2021-2022 оқу жылына арнап мониторинг түзілді. Оның нәтижесі төмендегідей болды.:

. Келесі оқу жылында 1 –деңгейлі балалармен тәрбиешілер көбірек жұмыс жасап,балалардың білім мен біліктілік деңгейлеріне бағытталған оқу –іс-әрекеттерін жақсарту керек деген тұжырым жасады.

Сөйлегендер:

Сарабаева К кішітобының тәрбиешісі: Біздің кіші жас тобында балалардың 3-деңгейлі балалар жоқ екен. Алдағы уақытта балалармен көптеген жұмыстар атқараттын боламыз.

4. Тыңдалды.Балабақша әдіскері сөз алды .Ол балабақшаға келіп түскен кіріс құжаттар туралы,яғни қараша ,желтоқсан,қаңтар айларындағы кіріс құжаттармен таныстырды. 1. 19.11.2021 жылы №230-03-08 / 1087 білім бөлімінің шығыс хаты. Психологиялық – медициналық –педагогикалық кеңес беру туралы балабақшаларда бақылау жүргізілетіні туралы.

2. 23.11.2021№230-01/01-51/ 101 Білім бөлімінің шығыс хаты.педагогтарды қысқа мерзімді курсқа жіберу туралы.

3. 29.11.2021ж. 10/12 білім бөлімінің шығыс хаты. Міне осындай хаттар келіп түскен.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдері орындалды.


2. «Тәуелсіздік » ертеңгілігін ұйымдастырған тәрбиеші және музыкант жақсы деген баға берілсін.

Ә.«Тәуелсіздік » ертеңгілігін ұйымдастырған тәрбиеші өте Жақсы деген баға берілсін
«Жаңа жыл »ертеңгілігін ұйымдастырған тәрбиешілерге жақсы деген баға берілсін

3. Балалардың мониторингі қорытындысы бойынша төмен деңгейдегі балалармен оқу жылының екінші жартыжылдығында жан-жақты жұмыстар жүргізілсін.

3. Аудандық білім бөлімінен келіп түскен хаттар бойынша мәлімет беру жұмыстары әдіскер жүктелсін.

Төрайым



Н.Калдыбекова

Хатшысы:



Д.Абуова

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №4

24.03.2023 ж.

Қатысқандар саны: 7

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы. Меңгеруші Н . К а л д ы б е к о в а

2. 8-наурыз ,22-наурыз мерекелерін және «Жігіт сұлтаны -2023» ересек топ ұлдарының сайысының сценарийлерін бекіту туралы.

3. Бақылау және басшылық,салыстырмалы тексеру қорытындысы . «Серуен қалай ұйымдастырылуда?» Кіші ортаңғы топтары.

4. Түрлі мәселелер .

1.Тыңдалды .Балабақша меңгерушісі сөз сөйледі. Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдері туралы айтып өтті. Аралық мониторинг нәтижелері бойынша әр топ балаларының дамау картасы түзілді Жетісай аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінен келіп түскен кіріс құжаттарды ,бұйрықтар мен хаттарды саралап,мәліметтер берілген берілмегенін анықтап шықты. Барлық кіріс хаттарға шығыс нөмір қойып мәліметтер тапсырғанмыз жөнінде мәлімдеді.

2. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі сөз сөйледі .Ол өз сөзінде алдағы күндері балабақшамызда «8-наурыз –Аналар мерекесі» , «22-наурыз – Ұлыстың ұлы күні» мерекесі және «Жігіт сұлтаны-2023» атты ұлдар сайысы өтетіні туралы айтты. Тәрбиешілерден дайындықтар қалай болып жатқанын сұрады. Тәрбиешілердің дайындықтары жақсы екендігін ,бәрі дайындалып жүргенін айтты. Бірақ әлі күнге дейін бір де бір тәрбиеші сценарийлерін әкеліп бекіттірмеді деді меңгеруші . Бүгіннен қалдырмай бекіту керек екенін айтты.

3. Тыңдалды . Балабақша меңгерушісі 2023 жылдың 11 наурыз күні жылдық жоспарда белгіленген іс-шараны орындау мақсатында бақылау және басшылық бойынша салыстырмалы бақылау жүргізді. Топтар: « Ж а у қ а з ы н » кіші және «Құлыншақ» ортаңғы топтары. Бақылаудың мақсаты: «Тәрбиешілер серуенді қалай ұйымдастыруда?». «Балдырған» кіші тобының тәрбиешісі – балаларды қыз бен бала етіп жұптастырып , «бала ,бала,

балапан ,қане қайсы алақан» әнін хормен айтып ,ойын алаңына барды.табиғатты бақылаймыз деп аспанды ,күнді,бұлтты бақылатты. Мысықтың,күшіктің,қоянның,қозының ,бұзаудың суреттерін көрсетіп,сұрақ-жап жүргізді,және бұлар үй жануары ма ,орман жануары ма деп логикалық сұрақ қойып ,балалар үй жануарлары деп дұрыс жауап берді. Келесі сәтте қағаздарды жинаймйыз деп еңбек жасатты. Үшінші кезеңде балаларды еркін ойнатты. Қорыта келе, тәрбиеші жақсы деген баға беріледі-,деді.

Екінші топ «Көгершін» ортаңғы тобы. Тәрбиеші: Балаларды сапқа тұрғызып , «Жау жаңбыр» әнін хормен айтқызды. Ойын алаңына алып келіп,жартылай шеңбер етіп отырғызды. Табиғатты бақылайықшы деп,күнді,бұлтты, ағаш жапырақтары мен олардың көктемде жасыл түске еніп,айнала түрленетінін айтты. «Тербеледі ағаштар » тақпағын айтқызды. «Түлкі мен қоян » ертегісін балаларға қуыршақ театры арқылы жүргізіп балалардың тілдерін дамытты. Бір жылда неше мезгіл бар ? қазір жылдың қай мезгілі деп логикалық сұрақтар қойып балалар

ойланып дұрыс жауап берді. Шөп жұламыз деп алаңқайдағы шөптерді бірге жұлып еңбек ұйымдастырды.Қорыта келе, тәрбиеші Отепова Роза деген баға беріледі деді меңгеруші.

4. Тыңдалды. Түрлі мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз сөйледі.Ол өз сөзінде 2023 жылдың мамыр айында 3 жылдық мемлекеттік аттестация келе жатыр .3 жылдың барлық құжаттары толық жазылып ,нөмірленіп, бауланып,меңгерушіге бекітуге беріңіздер деді. Сондай ақ 3жылдың балалар мониторингтері мен даму карталары болу керек . Және де ата-аналар жиналыстарының хаттамалары да жылдық жоспармен бекітілген мәселелер ғана қаралуы тиіс. Сонымен қатар аудандық білім бөліміне түрлі сайыстар туралы хат келген , дайындаңыздар деді.

Шешім:

1.Өткен кеңес шешімдері орындалды.

2. 8-наурыз,наурыз мерекелерінің және «Жігіт сұлтаны -2023» сайысының сценарийлері түзіліп,бекітілсін.


1) Салыстырмалы бақылау қорытындысы бойынша «Балғыншақ » кіші тобының тәрбиешісі жақсы деген баға берілсін.

2) Салыстырмалы бақылау қорытындысы бойынша «Балдәурен» ортаңғы топ тәрбиешісі жақсы деген баға брілсін.

4. 1). Мемлекеттік аттестацияға дайындық жұмыстары жүргізілсін


2 Мемлекеттік аттестациялауға дайындық жұмыстары жүргізілсін. Жауапты: балабақша ұжымы.

Төрайым



Н.Калдыбекова

Хатшысы:



Д.Абуова

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №5

30.05.2023ж

Қатысқандар саны : 7

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы. Меңгеруші
2. 8-наурыз ,22-наурыз және «Жігіт сұлтаны -2023» ересек топ ұлдарының сайысын талқылау туралы. Меңгеруші
3. «Қош бол ,балабақшам » мерекесінің бағдарламасын бекіту туралы.
4. «Бақылау және басшылық». «Заттық –пәндік дамыту ортасының сапасы қандай?» барлық топтар бойынша фронтальді тексеру қорытындысы туралы.
- 5 «7-мамыр –Отан қорғаушылар » және «9-мамыр –жеңіс күн»і ертеңгіліктерінің сценарийлерін бекіту туралы.
6. Іскер –ойын «Тәрбиеші және ситуация». Әдіскер

1. Тыңдалды . Балабақша меңгерушісі сөз сөйледі. Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдері туралы айтып өтті. 2023 –оқу жылында өтілетін наурыз мерекелері мен ұлдар сайысына арналған сценарийлер түзіліп, бекітілді . Ата-аналар жиналыстарының хаттамасын тәрбиешілер түзіп, әдіскер тапсырды.

2. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі сөз сөйледі. Ол өз сөзінде жақында балабақшада «8-наурыз –аналар мерекесі» болып өтті. Бірінші болып «Көжектер» кіші топ балалары сахнаға шықты. Тәрбиеші Балалар мерекелік киімдер киген . «Сенің анаң алтын » әніне биледі. Келесі сәтте жаттаған тақпақтарын айтты. Қыздар тобы өзбекше би биледі. Ұлдар тобы «Біздің ағай тамаша » әніне биледі. Қорыта келе тәрбиеші жақсы деген баға беріледі.

Екінші болып «Құлыншақ»ортаңғы тобының балалары өнерлерін көрсетті. ТәрбиешіБарлық балалар мерекеге сай киінген. . «Ана » туралы әнді хормен айтты. Қыздар «Гүлдер » биін биледі. Балалар жаттаған тақпақтарын жақсы айтып шықты. Келесі сәтте «Көбелектер » биін бір топ қыздар биледі. Ұлдар

мен қыздар вальс биледі. «Әжемнің» шәйі әнін бәрі хормен орындады. Қорыта келе, тәрбиеші жақсы деген баға беріледі деді меңгеруші. Соңғы болып обының бүлдірішіндері шықты. Тәрбиеші-арлық балалар мерекеге сай киінген. Хор жақсы орындады. «Біздің ағай тамаша» биіне ұл балалар жақсы биледі. «Көктем арулары» биін қыздар тобы жақсы биледі. Келесі сәтте балалар вальс биледі. «Менің анам алтын» әнін хормен жақсы айтып шықты. Балалар ата-аналарына арнап тақпақтарын өте жақсы айтып шықты. Қорыта келе тәрбиеші М ы р з а б а й Г а у х а р жақсы деген баға беріледі деді меңгеруші.

2023 жылдың 29-наурыз күні балабақшада «Балапан» ересек тобының ұлдарының қатысуымен «Жігіт сұлтаны -2023» сайысы болып өтті. Ұйымдастырған – Орымбеков Кайрат, музыка жетекшісі сайыстың мақсаты-балаларды сахнаға бейімдеу,тіл байлығын арттыру,өз өнерлерін ашуға ынталандыру.Ата-аналармен қарым-қатынасты нығайту. Сайысқа 5 ұл қатысты. 6 кезеңнен тұрды. 1) Өзін өлеңмен таныстыру.2) Өз өнері. 3) Сұрақ-жауап.4) «Тауып алып жапсыр» 5)Спорттық сайыс.6) Ата- аналармен бірге үй тапсырмасы. Бәрлық ұлдарымыз өте жақсы дайындалған . ата-аналары на көп рахмет ,немқұрайлы қарамай балаларын жан-жақты дайындаған .Әсересе өзін таныстыруда 5-6 шумақ жаттаған . Өз өнерлерінде би билеп, ән айтты. . Сұрақ-жауап сайысында да сұрақтарға мүдірмей жауап берді . Ал жапсыру сайысында Ағабек Гүлмира өз өнерін өте жақсы меңгергендерін дәлелдеді. Әділ қазылар алқасы болып басқа балабақшалардың меңгерушілері қонаққа келді. Әділ бағаларын берді. Сайыс соңында «Жігіттің сұлтаны -2023 » номинациясы Біржан Нұралы деген жігіт жеңіп алып өзінің қазақ елінің батыр ұлдарының сапында екенін дәлелдеп бас жүлдені иеленді. . Сайыс барысында кемшіліктер де болды. Мысалы-нөмер таққан кезде тәрбиеші жюрилерді жаңылыстырып жіберді.микрофон дауысы өте жай шықты. Қорыта келе, тәрбиеші Ауелбекова Алия өте жақсы деген баға беріледі, деді меңгеруші.

Балабақша меңгерушісі сөз сөйледі. Ол өз сөзінде ересектер » тобында «Қош бол ,сүйікті балабақшам » атты ертеңгілік атап өтілуі керек. Оған тәрбиешілер қазірден сценарийлерін түзіп,ата-аналармен тығыз байланыс орнату қажет .Биыл бар -жоғы 11 бала бітіреді екен. Бітіруші балаларға балабақша тарапынан да сыйлықтар берілетін болады. Және венетка жасату керек. Балабақшадағы апайлардың еселі еңбектерін ата- аналар мен балалар да әрдайым естен шығармай ,еске алып жүрсе дейміз. Ертеңгілік соңында балабақшаның ботқасынан дәм ауыз тиіп, концерттік бағдарлама ұйымдастырса деген тілегіміз бар . Сондай ақ сый -сыяпат жасап шығарып саламыз деген жоспарымыз да бар.

Сөйлегендер: Жанибекова Гулмиратәрбиеші,

-Құрметті әріптестер ,барлықтарыңызды балабақша түлектері күнімен құттықтаймын. Бұл біздің ортақ қуанышымыз,ортақ жеңісіміз бен мәуелі жемісіміз. Өйткен мәуелі ағашта өсіп әсем де сұлу жеміске айналған бұл біздің бүлдіршіндеріміз. Оларға жолдарыңыз ашық болсын ,биіктерге самғап ұша беріндер дей келе барлық қызметкерлер мен әріптестеріме зор

денсаулық,қажымас қайрат,отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызға творчестволық табыстар тілеймін.

4. Тыңдалды . Балабақша меңгерушісі сөз сөйледі. Ол өз сөзінде 2023 жылдың 24 сәуір күні балабақшаның жылдық жоспарында бекітілген іс-шараны орындау мақсатында « Топтардағы заттық-пәндік дамыту ортасының сапасы қандай?» бақылау және басшылық бойынша фронтальды тексеру жүргізілді. Барлық топ тәрбиешілері 5 дағды бойынша заттық-. пәндік ортаның материалдық базасын жақсы деңгейде безендірген.. кемшіліктер де бар.

5. Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі сөз сөйледі. Ол өз сөзінде «7-мамыр – отанқорғаушылар күні мен 9-мамыр –Ұлы жеңіс күні н» мереке қарсаңында өтесіздер. Ол үшін қазірден балаларға тақпақтарды үйлеріне беріп жіберіп ,жаттатып,киімдерін тіктіре беру керек. ересек тобы мен орта тобының бүлдіршіндері сценарий бойынша дайындалсын. Ертеңгілік бағдарламасы мақсатқа сай болсын .Баланың есінде отан қорғаушылар

мен біздерге Ұлы жеңіс сыйлаған ата-апаларымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмайды және де оларды әрдайым жас ұрпаққа дәріптеп отыруымыз керек деді.

Сөйлегендер:


Бижигитова Салтанат, тәрбиеші: - Сөзіңізге қосыламын. Дұрыс айтасыз. Бұл жеңіс жылда тойлана береді. Балаларды ұлтжанды, патриот болып өсулеріне өте қажетті мереке бұл.

6. Тыңдалды. Балабақшаның әдіскері сөз алды, Ол тәрбиешілерге «Тәрбиеші және ситуация» тақырыбында іскер ойын ұйымдастырды.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдері орындалды.
2. 8-наурыз және Наурыз мерекелерін ұйымдастырған тәрбиешілерге жақсы деген баға берілсін.
«Жігіттің сұлтаны -2023» сайысын ұйымдастырған тәрбиеші өте жақсы деген баға берілсін.
3. «Қош бол сүйікті балабақшам» атты ертеңгіліктің сценаріі түзіліп, бекітілсін. Жауапты : тәрбиеші
4. Бақылау және басшылықтың фронтальді тексеру нәтижесі бойынша барлық топтарға жақсы деген баға берілсін.
4. «7-мамыр –отанқорғаушылар күні» және «9-мамыр – Ұлы жеңіс күні» ертеңгіліктерінің сценариілері түзіліп ,бекітілсін. Жауапты: Тәрбиешілер
7. Тәрбиешілермен іскер ойын ұйымдастырған әдіскер жақсы деген баға берілсін.

Төрайым



Н.Калдыбекова

Хатшысы:



Д.Абуова